Құрылғыны дұрыс пайдалануды қамтамасыз ету үшін оны қолданар алдында сақтық шараларын мұқият оқып шығыңыз. Осы нұсқаулықтағы сақтық шараларын орындау жөніндегі нұсқаулардың мақсаты құрылғыны қауіпсіз және дұрыс пайдалануды қамтамасыз ету және пайдаланушы мен қоршаған орта үшін ауыр нұқсан мен жарақаттарға алып келуі мүмкін тәуекелдерді азайту болып табылады.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ! Құрылғыны дұрыс қолданбау өлімге немесе ауыр жарақатқа алып келуі мүмкін!

Балалар мен мүмкіндіктері шектеулі адамдардың қауіпсіздігі

- Бұл аспап егер олар бақылауда болмаса немесе олардың қауіпсіздігі үшін жауапты адамға аспапты қолдану туралы нұсқамалық берілмесе, физикалық, психикалық немесе ақыл-ой қабілеттері төмен немесе тәжірибесі немесе білімі жеткіліксіз адамдарға (оның ішінде балаларды) пайдалануға арналмаған.
- Балалардың құрылғымен ойнамауын қадағалап отыру керек.
- Барлық қаптама материалдары балалардың қолы жетпейтін жерде сақталуы керек (тұншығып қалу қаупі бар).
- Пайдалану мерзімі аяқталған электр аспаптан арылу алдында электр аспаптың желілік баусымының ашасын электр розеткасынан ажыратыңыз, желілік баусымды кесіңіз (мүмкіндігінше электр аспапқа жақын) және электр аспабымен ойнап отырған балаға тоқтың соғуын немесе электр аспабының ішінде баланың оқыстан жабылуын болдырмас үшін есікті алыңыз.
- Егер есігінде немесе қақпағында серіппелі ысырмасы бар электр құрылғы магниттік ысырмасы бар құрылғыға ауыстырылса, онда электр құрылғыны жою алдында оның серіппелі серіппесін істен шығарыңыз. Бұл электр құрылғының ішінде баланың өте қатерлі оқыстан жабылып қалуының алдын алады.

Жалпы сақтандырулар

- Құрылғы тұрмыстық және ұқсас ортада қолдануға арналған, мысалы:
 - дүкендердегі, кеңселердегі және басқа жұмыс орындарындағы қызметкерлерге арналған ас үй бөлмелері;
 - саяжайларда, фермерлік ғимараттарында және клиенттердің қонақ үйлерде, мотельдерде және басқа тұрғын үй-жайларда пайдалануына;
 - «төсек және таңғы ас» түріндегі қонақ үйлерде;
 - тамақтандыру қызметтері және бөлшек саудаға байланысты емес соған ұқсас қолдану.

Бұл құрылғыны үйден басқа ортада немесе әдеттегі функциялардан басқа функциялармен қолдану, мысалы, тәжірибелі немесе оқытылған пайдаланушылармен коммерциялық қолдану тіпті жоғарыда аталған қолдану салаларынан да алынып тасталған. Құрылғыны тиісті емес қолдану оның қызмет ету мерзімінің азаюына алып келеді, ол өндіруші кепілдігі әрекетінің тоқтауына алып келуі мүмкін. Өндіруші үй және тұрмыстық жағдайларға сәйкес келмейтін қолданумен туындаған құрылғының зақымдануы, шығын немесе нұқсан үшін жауапкершілік артпайды (тіпті егер ол үй немесе тұрмыстық жағдайларда болса да).

- ЕСКЕРТУ — тез тұтанатын пропелленті бар аэрозольды баллондар сияқты жарылғыш заттарды тоңазытқышта сақтамауға тыйым салынады.
- ЕСКЕРТУ — егер қуат сымы зақымдалған болса, онда қауіпті жағдай туғызбас үшін оны өндіруші, оның қызмет көрсету агенті немесе сол сияқты білікті қызметкерлер ауыстыруы керек.
- ЕСКЕРТУ — құрылғы корпусының желдеткіш саңылауларын жаппаңыз.
- ЕСКЕРТУ — жібіту процесін жеделдету үшін өндіруші ұсынғаннан басқа механикалық құрылғыларды немесе басқа құралдарды пайдаланбаңыз.
- ЕСКЕРТУ — тоңазыту контурының зақымдануына жол бермеңіз.
- ЕСКЕРТУ — өндіруші оларды ұсынбаған жағдайда, азық-түлік сақтау бөлімінің ішінде электр құрылғыларын пайдаланбаңыз.
- ЕСКЕРТУ – Салқындатқыш агент және оқшаулағыш газ тез тұтанғыш. Құрылғыны кедеге жарату кедеге жарату жөніндегі бекітілген орталықта ғана жүргізілуі тиіс. Тоңазытқышты жалынның әсеріне ұшыратпаңыз.
- Құрылғының сипаттамаларын немесе оның конструкциясын кез келген өзгерту қауіп төндіруі мүмкін.
- Жөндеу, бөлшектеу және түрлендіру бойынша кез келген жұмыстарды тек білікті мамандар ғана жүзеге асыруы керек. Мұны өз бетімен жасауға тырысу өртке, зақымдануға немесе жарақатқа алып келуі мүмкін.
- Құрылғыны тек жайларда қолдану керек, аспапты жауынның және басқа ауа райы жағдайларының әсеріне ұшыратпаңыз.
- Құрылғыны салмағын көтере алатындай берік бетке қойыңыз. Егер еден жеткілікті берік болмаса немесе орнату дұрыс емес орындалса, құрылғы төңкеріліп қалуы, бұл сөрелердің құлауына және ықтимал жарақаттануға алып келуі мүмкін.
- Құрылғыны бөлшектеу және жоюды білікті мамандар жүзеге асыруы керек.
- Құрылғының үстіне ауыр заттарды немесе құрамында су бар заттарды қоймаңыз. Орнатылған заттар құлап, жарақат алуы және төгілген су электр бөлшектерінің оқшаулауын зақымдауы және тоқтың жылыстауына алып келуі мүмкін.
- Егер газдың ағуы анықталса, зақымдалған жерді ұстамаңыз, желдету үшін есікті ашыңыз. Газдың ағуы жарылысқа және өртке себеп болуы мүмкін.
- Құрылғының салқындату қабілеті, егер ол жылу көздеріне, мысалы, жылытқыштарда, плиталарға жақын немесе тура күн сәулесінің астында орнатылса, азаяды.
- Егер сізге құрылғыны уақытша сақтауға қою керек болса, басқаларға зақым келтіру ықтималдығы аз болатын орынды таңдаңыз. Есіктің толық жабылуын болдырмау үшін сақтық шараларын қолданыңыз. Осылайша, сіз балалардың ішке қамалып, одан шыға алмау қауіпін азайтасыз.
- Егер қондырғыны жоғары ылғалдылықта орнатудан аулақ болу мүмкін болмаса, тоқтың ағылуы бойынша автоматты сөндіргішті орнату керек. Мұндай сөндіргіштің болмауы тоқтың соғуына алып келуі мүмкін.
- Есіктерге ілінуге немесе құрылғының үстіне шығуға тыйым салынады. Құрылғы жарақаттануды немесе залалды тудыра отырып, төңкерілуі мүмкін.

- Қуат ағытпасын желілік розеткадан сөндірген кезде ағытпаның өзін мүмкіндігінше розеткаға жақын ұстаңыз. Сымды тартпаңыз, себебі бұл оның үзілуіне және қызып кетуге және өртке алып келуі мүмкін.
- Қуат сымының ағытпасын, басқа электрлік компоненттерді немесе сөндіргішті дымқыл қолмен ұстауға тыйым салынады, бұл электр тоғының соғуына алып келуі мүмкін.
- Құрылғыны жылжытпас бұрын қуат ағытпасын желілік розеткадан суырыңыз және қуат сымы тасымалдау кезінде зақымдалмағанына көз жеткізіңіз. Қуат сымының зақымдануы электр тоғының соғуына және / немесе өртке алып келуі мүмкін.
- Тасымалдау кезінде құрылғының төңкеріліп немесе құлап қалмағанына көз жеткізіңіз. Құрылғының құлауы ауыр жарақатқа алып келуі мүмкін.
- Құрылғыны қуат сымы немесе ағытпасы зақымдалған кезде, сонымен қатар ағытпасы розеткаға тығыз емес орнатылған жағдайларда пайдаланбаңыз, себебі бұл электр тоғының соғуына, қысқа тұйықталуға немесе өртке алып келуі мүмкін.

Хладагент (Салқындатқыш агент)

- Құрылғының салқындатқыш контурында салқындатқыш агент изобутан (R600a) бар. Бұл қоршаған ортаға үйлесімділігі жоғары деңгейдегі табиғи газ, дегенмен тұтанғыш. Тасымалдау кезінде және ларьды орнатқанда, салқындату жүйесінің құрамдас бөліктерінің ешқайсысы зақымдалмағанына көз жеткізіңіз.
- Салқындатқыш агент (R600a) тез тұтанғыш зат болып табылады.



Абай болыңыз: өрт қаупі!

Құрылғыны тасымалдау және орнату уақытында салқындатқыш контур компоненттерінің ешқайсысы зақымдалмағанына көз жеткізіңіз. Егер контур зақымдалған болса:

- От және тұтану көздерінен аулақ ұстаңыз.
- Құрылғы орналасқан жайды жақсылап желдетіңіз.

Электрмен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік

- Қаптамасын алып, құрылғыны тексеріңіз. Егер сіз механикалық зақым тапсаңыз, құрылғыны желіге қоспаңыз. Сіз оны сатып алған дүкенге хабарласыңыз. Бұл жағдайда барлық қаптама материалдарын сақтап қойыңыз.
- Орнатқаннан кейін ларьды қосар алдында шамамен 4 сағат күту ұсынылады, бұл салқындатқыш агентті компрессорға қайтару үшін қажет.
- Құрылғы жерге тұйықталып, тек бір фазалық 220 ~ 240В / 50Гц айнымалы тоқ желісіне қосылуы тиіс. Егер Сізде кернеудің тербелістері байқалса, автоматты түрде кернеу реттегіші бар кернеу тұрақтандырғышын қолдану ұсынылады.
- Розеткадағы қуат көзі құрылғының көрсеткіштеріне сәйкес болуы керек, сонымен қатар розетка жерге тұйықталуы керек.
- Ашаның зақымдалмағанына көз жеткізіңіз. Әйтпесе, оны қосу қысқа тұйықталуға, электр тоғының соғуына немесе қызып кетуіне, тіпті өртке себеп болуы мүмкін.
- Ларьды тазаламас немесе қозғалмас бұрын оны электр қуат көзінен ажыратыңыз.
- Құрылғыны розеткадан суырған кезде, әрқашан ашасынан ұстаңыз. Қуат баусымын тартпаңыз.
- Кез келген электр компонентін тек сертификатталған сервис қызметінің өкілі ауыстыра алады немесе жөндей алады. Тек түпнұсқа қосалқы бөлшектерді пайдалану керек.
- Бөлек желілік розетканы пайдаланыңыз. Ұзартқыш сымдарды немесе ұшайырларды қолданбаңыз, бұл электр тоғының соғуына, қызып кетуіне немесе өртке алып келуі мүмкін.

- Қысқа тұйықталу немесе тоқтың жылыстауын болдырмас үшін құрылғыға суды тікелей шашпаңыз немесе сумен жуыңыз.
- Зақымдалған, өзгертілген, артық бүгілген, созылған, бұралған немесе шатастырылған қуат баусымын пайдаланбаңыз. Қуат баусымына ауыр заттарды қою немесе оны қысу баусымды зақымдап, электр тоғының соғуына немесе өртке алып келуі мүмкін.

САҚТАУ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Қапталған құрылғы 80% аспайтын салыстырмалы ылғалдылықта, табиғи желдеткіші бар жабық бөлмелерде сақталуы керек.
 - Егер ларь ұзақ уақыт бойы пайдаланылмайтын болса, оны электр желісінен ажыратып, өнімдерді алып, жібітіп, тазалау керек. Тазалап болғаннан кейін ішінде иіс пайда болмауы үшін есікті ашық қалдырыңыз.
 - Құрылғыны қаптамадағы тасымалдау белгілеріне сәйкес жабық көліктің кез келген түрімен тасымалдау керек, оны сенімді бекітіңіз.
 - Тиеу-түсіру жұмыстары кезінде құрылғыға соққы жүктемелерге ұшыратуға **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**. Тасымалдау кезінде құлауына, артық дірілге немесе басқа заттарға соғылуына жол бермеңіз.
- НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Құрылғыны бұзбау үшін есіктерді, есіктердің тұтқаларын, сәндік қалқанды (егер бар болса) ұстап қозғалмаңыз.**

Құрылғыны қолдану

Қолдану алдында

- Тасымалдау қаптамасын, пленканы және т.б. алыңыз және құрылғыны желдету үшін есіктерді біраз уақытқа қалдырыңыз.
- Құрылғы жеткізілім алдында тазартылды. Алайда жеткізілімнен кейін ішкі бөлімдерді тазалау ұсынылады.
- Өнімдерді ішіне салмас бұрын ішкі бөліктерді салқындату үшін шамамен бір сағаттай жұмыс істетіп қойыңыз.
- Жұмысты қайта бастағанда қайта қосар алдында 5 минут немесе одан да көп күте тұрыңыз. Құрылғыны сөндіргеннен кейін оны қайта іске қосу сақтандырғыштарды тұтандырып, автоматты сөндіргішті іске қосуы, компрессорға шамадан тыс жүктеме жіберуі және / немесе басқа зақымдалуы мүмкін.

Тазалау және күтім

Құрылғыны бірінші рет қолданар алдында жаңа құрылғыға тән иісті кетіру үшін оның ішкі беттерін және барлық ішкі керек-жарақтарын бейтарап сабынмен жылы сумен жуыңыз, содан кейін құрғатып сүртіңіз. Қатты ластанған кезде жуғыш құралмен матамен сулаңыз. Содан кейін құрылғыны таза суға салынған матамен сүртіңіз, содан кейін құрғата сүртіңіз. **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Қысқа тұйықталуды және /немесе электр тоғының соғуын болдырмас үшін суды тікелей мұздатқыш ларьға бүркуге немесе оны сумен жууға тыйым салынады.

- Құрылғыны үнемі тазалап, оны әрқашан таза күйде ұстаңыз. Тазалау кезінде құрылғыны электр желісінен ажырату керек.
- Тазалау үшін абразивтік ұнтақтарды, кір жуғыш ұнтақтарды, бензинді, майды немесе ыстық суды пайдаланбаңыз, себебі бұл заттар бояу мен пластмасса компоненттерін зақымдауы мүмкін.

Тексеру

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында құрылғыны тазалаудан кейін келесі тексеруді орындаңыз:

- Қуат ағытпасы жеке розеткасына толық салынғанын тексеріңіз. Қуат ағытпасы артық қызып кетпейтініне көз жеткізіңіз.
- Қуат баусымының жарықтары немесе зақымдануы жоқ екендігін тексеріңіз. Егер сіз қандай да бір кішкене ауытқуларды тапсаңыз, құрылғыны сатып алған дүкенге немесе біздің уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Құрылғыға қызмет көрсету үшін қажет кез келген электр монтаждау жұмыстарын білікті электрик немесе басқа білікті маман орындауы керек.
- Бұл құрылғыға уәкілетті қызмет көрсету орталығы қызмет көрсетуі қажет. Техникалық қызмет көрсету және жөндеу кезінде тек түпнұсқа қосалқы бөлшектерді пайдалану керек.

Жібіту


Пайда болған мұздың қалыңдығы шамамен 4-5 мм құраған кезде мұздатқыш камера бөлігін жылына екі немесе үш рет жібіту керек. Жібіту үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:

- Термостатты жібітуден кем дегенде 12 сағат бұрын «Суық» күйге қойыңыз.
- Осы уақыттан кейін қуат ағытпасын розеткадан суырып, мұздатқыш камераның бөлігін сәндіріңіз.
- Мұздатқыш ларьдан өнімдерді алыңыз, оларды қағазға орап, салқын жерде қойыңыз, есігін ашық салдырыңыз.
- Жібіту аяқтағаннан кейін ішкі камераны тазалап, құрғатып сүртіңіз.
- Термостат реттегішін «Суық» жағдайына қойып, құрылғыны қайтадан қосыңыз, кемінде бір сағат күтіңіз, содан кейін өнімдерді қайтадан салуға болады.

Назар аударыңыз! Еріту процесін жеделдету үшін өндіруші ұсынғаннан басқа механикалық құрылғыларды немесе басқа жасанды құралдарды пайдаланбаңыз.

Орнату

Маңызды! Жылудың сейілуін, жоғары өнімділікті және энергияны үнемдеуді сақтау үшін мұздатқыш ларьдың айналасында жақсы желдетуді қамтамасыз ету қажет. Мұны істеу үшін құрылғының айналасында жеткілікті бос кеңістікті қалдырыңыз. Аспаптың артқы жағынан қабырғаға дейін 75 мм және бүйір жақтарынан және құрылғының үстінде 100 мм кем емес бос кеңістікті қалдыру ұсынылады. Құрылғыны орнатқаннан кейін розеткаға оңай қатынау бар екендігіне көз жеткізіңіз.



Теңестіру

Дірілді азайту үшін құрылғыны тегіс бетке орнату керек. Құрылғы тегіс тұруы тиіс және барлық төрт дөңгелек еденге тиюі тиіс.


Ескертпе: Бұл аспап төменде көрсетілгендей климаттық кластар шеңберінде жақсы жұмыс істейді. Жұмыстан ауытқу кестеде көрсетілген жоғары немесе төмен температураларда тоқтаған кезде мүмкін.

Климаттық класс	Қоршаған орта температурасы
SN	+10°C бастап +32°C дейін
N	+16°C бастап +32°C дейін
ST	+16°C бастап +38°C дейін
T	+10°C бастап +43°C дейін

- Аспапты құрғақ, ылғалдылығы жоғары көздерден, тура күн сәулесінен, жаңбырдан немесе қардан аулақ және пеш, камин немесе қыздырғыштар сияқты жылу көздерінен қашық жерде орнатыңыз.
- Құрылғының төменгі бөлігінде жақсы өнімділікті қамтамасыз ету үшін ауа айналымы жеткілікті болуы керек. Желдету саңылауларына кедергі жасамаңыз.


Аспаптың сипаттамасы және температураны реттеу

Ескертпе: Тұрақты түрлендіруге байланысты Сіздің мұздатқыш ларыңыз осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтағы сипаттамадан сәл өзгеше болуы мүмкін, бірақ оның функциялары мен пайдалану ережелері өзгеріссіз қалады.



Температураны реттеу

- Мұздатқыш ларь бөліміндегі температураны реттеу үшін алдыңғы жағынан құрылғының төменгі бөлігіндегі термостаттың тұтқасын пайдаланыңыз. Әдетте, мұздатқыш ларь реттегіштің MID/4 («ортаңғы жағдай») орнатуымен қолданылады. Егер құрылғы жеткілікті салқындатуды қамтамасыз етпесе, реттегішті MAX/7/Colder (Максималды салқындату) бағытына бұраңыз. Егер сақтау температурасы тым суық болса, реттегішті MIN/1/Cold (Минималды салқындату) бағытына бұраңыз.
- Егер сізге құрылғының жұмысын уақытша тоқтату қажет болса, реттегішті 0/OFF жағдайына қойыңыз.



Пайдалы кеңестер және ұсыныстар

Энергияны үнемдеу

Электр энергиясын үнемдеу үшін Сізге келесі ұсыныстарды орындауға кеңес береміз:

- Мұздатқыш ларьдан суық ауаның шығуын болдырмау үшін есікті тез ашып, жауып қойыңыз, есікті қажет уақыттан артық ашық ұстамаңыз.
- Ларьды жылу көздеріне жақын қоймаңыз (тура күн сәулесі, плиталар, радиаторлар және т.б.).
- Температураны шынымен қажет болғаннан төмен (суығырақ) орнатпаңыз.
- Жаңа пісірілген (жылы) тамақ өнімдерін ларьға салмаңыз.
- Ларьды жақсы желдетілетін жерге қойыңыз.
- Ларьды суды немесе суда сақтау керек өнімдерді сақтау үшін қолданбаңыз. Құрамында су бар теңіз өнімдерін тікелей ларьға салмаңыз.

Балғын өнімдерді мұздату

- Ыстық тамақты ларьға салмаңыз, өйткені ішіндегі температура күрт көтеріледі - бұл компрессордың қарқынды жұмысына және соның салдарынан энергия тұтынудың артуына алып келеді.
- Қатты және / немесе өткір иісі бар өнімдерді жабыңыз немесе ораңыз.
- Мұздатқыштың ішіне өнімдерді ауа айналымына кедергі келтірмейтіндей етіп қойыңыз.

Мұздату

- Бірінші рет (немесе ұзақ үзілістен кейін) іске қосқаннан кейін өнімдерді оған салмас бұрын оны кем дегенде 2 сағат максималды баптауларда жұмыс жасатыңыз.
- Өнімдерді аздаған үлестерге/бөліктерге бөлу ұсынылады, бұл оларды тез және толығымен мұздатуға, сонымен қатар тез үлестермен жібітуге мүмкіндік береді.
- Өнімдерді саңылаусыз (ауа өткізбейтін) алюминий қаптамада немесе полиэтилен тағамдық үлдірде сақтаңыз.
- Балғын мұздатылмаған өнімдерді мұздатылған өнімдерге тиюіне жол бермеңіз, соңғыларының жылып кетуіне (температураның артуына) жол бермеңіз.
- Мұздатылған өнімдермен абай болыңыз: ашық тері жабынының қатты мұздатылған өнімдермен жанасу суық күйік тудыруы мүмкін.
- Сақтау уақытын қадағалап отыру үшін өнімдерге күндер қою ұсынылады.
- Мұздатылған өнімдерді сатушының дұрыс сақтағанына көз жеткізіңіз.

- Жібітілген өнімдер тез бұзылады, оларды қайтадан мұздату ұсынылмайды. Өнімдердің өндірушісі көрсеткен сақтау мерзімін асырмаңыз.

Бұзушылықтарды іздеу және жою

Егер Сізде аспаппен қиындық туындаса немесе оның дұрыс жұмыс істемейтініне алаңдасаңыз, Сізге қызмет көрсету орталығына хабарласпас бұрын бірнеше қарапайым әрекеттерді орындауға болады.

Назар аударыңыз! Ларьды өзіңіз жөндеуге тырыспаңыз. Егер Сіз төмендегі әрекеттерді орындау арқылы мәселені шеше алмасаңыз, білікті электрикке, сервистік менеджерге немесе асапты сатып алған дүкенге хабарласыңыз.

Мәселе	Ақаулықтың ықтимал себептері мен шешімдері
Электр қуатының іркілісі	Суық ауаны шығармау үшін есіктерді жылдам ашып, жабыңыз.
	Мұздатылмаған өнімдерді құрылғыға салмауға тырыспаңыз, себебі бұл ішкі бөлімнің температурасын арттырады.
	Электр қуаты ұзақ уақытқа сөнген кезде мұздатқыш ларьға құрғақ мұзды салыңыз.
	Егер қуат сымы зақымдалған болса, оны уәкілетті сервистік орталықтан салып алуға болатын Hisense түпнұсқа зауыттық қосалқы бөлшектерімен ауыстыру керек.
Қуат сымымен қиындықтар	Мұздатқыш ларьды қуат ағытпасы желілік розеткаға еркін жететіндей түрде орналастыру керек.
Егер құрылғы ұзақ уақыт қолданылмаса	Ішкі бөліктен барлық өнімдерді алыңыз және қуат ағытпасын желілік розеткадан сөндіріңіз.
	Ішкі кеңістікті тазалаңыз және барлық су қалдықтарын сүртіңіз.
	Көктің және жағымсыз иістердің пайда болуының алдын алу үшін, ішкі бөлім құрғақ болуы үшін есікті ашық қалдырыңыз.
	Қуат ағытпасын желілік розеткадан ажыратыңыз.
Тасымалдау	Құрылғыны тасымалдаған кезде дөңгелектер қуат сымын зақымдамайтындығына көз жеткізіңіз.
	Дөңгелектердің баспалдаққа, табалдырыққа және т.б. соғылуына жол бермеңіз.
	Егер мұздатқыш ларь толы болса және оны тазалау үшін жылжыту керек болса, мұны екі қолмен өте баяу жасау керек. Бірақ құрылғының еңіс жазықпен еркін сырғуына жол беріңіз.
Уақытша сақтау	Есік толығымен жабылып қалмас үшін есік пен құрылғы корпусының арасына ағаш немесе басқа ұқсас затты қойыңыз.
	Пайдаланылмаған мұздатқыш ларьды балалар ойнайтын жерлерде сақтамаңыз.
	Назар аударыңыз! Егер бала ішіне кіріп, есікті жауып тастаса, ол оны ішінен аша алмайды.
Құрылғы мұздатпайды	Құрылғы жалғанған қуат көзі жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз.
	Қуат ағытпасы желілік розеткаға салынғанына көз жеткізіңіз.
	Сақтандырғыштардың күйіп кетпегенін және автоматты сөндіргіш іске қосылмағанын тексеріңіз.
	Температураны реттегіш «СӨНДІРУ» жағдайына қойылмағанын тексеріңіз..
Мұздату жеткіліксіз	Бөлмеде жеткілікті желдету қамтамасыз етілгенін тексеріңіз.
	Жылытқыштың, плитаның қасында немесе тура күн сәулесінің астында құрылғының орнатылмағанын тексеріңіз.
	Қақпақтың жиі ашылып жабылмайтындығын тексеріңіз.
	Мұздатқыш ларь максималды жүктеменің көрсетілген сызығынан жоғары жүктелмегеніне көз жеткізіңіз.
	Егер мұздату жеткіліксіз болса, температура реттегішін максималды жағдайға қойыңыз.
Құрылғының ішінде мұздың өте көп қабаты пайда болмағанын тексеріңіз. Жібіту талап етілуі мүмкін.	

Артық шу	<p>Құрылғы жеткілікті тегіс бетте орнатылғанына көз жеткізіңіз.</p> <p>Құрылғының артқы панелі қабырғаға тимейтіндігіне көз жеткізіңіз.</p> <p>Құрылғының артында контейнерлер немесе басқа заттар орналаспағанына көз жеткізіңіз.</p> <p>Компрессор құрылғыны іске қосқаннан кейін өте қатты дыбыспен жұмыс істейді. Қажетті температураға жеткеннен кейін шу басылады.</p>
Мұздатқыш ларьдың сыртқы жағында конденсат бар	Мұздатқыш ларьдың сыртқы жағында және есікте орнату орнына тәуелді ыстық күндері және ылғалдылық жоғары болған кезде конденсат пайда болуы мүмкін. Әдетте бұл жоғары ылғалдылық кезінде болады. Конденсатты құрғақ матамен сүртіңіз.
Мұздатқыш ларь қол тигізгенде ыстық	<p>Мұздатқыш ларь әсіресе, жазда қол тигізгенде ыстық болуы мүмкін. Құрылғының ішкі салқындатқыш контуры конденсаттың алдын ала отырып, жылу бөледі. Бөлінетін жылу сақталатын өнімдерге әсер етпейді.</p> <div style="text-align: center;">  <p>Ішкі контур</p> </div>

Құрылғыны кәдеге жарату



Бұл таңбалама бұл бұйымды басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге тастауға болмайтынын көрсетеді. Қалдықтарды бақылаусыз шығару салдарынан қоршаған ортаның ластануы мен адам денсаулығына зиян келтірмеу үшін оның құрамындағы қайта өңделетін материалдарды дұрыс пайдалану керек. Пайдаланылған жабдықты қайтару үшін қайтару жүйесін және қызмет ету мерзімі аяқталған жабдықты жинау жүйесін пайдаланыңыз немесе сіз бұйымды сатып алған дүкенмен хабарласыңыз. Бұл бұйымның құрамындағы материалдарды қоршаған орта үшін қауіпсіз қайтадан пайдалануды қамтамасыз етуі мүмкін. Тоңазытқыш аспапты кәдеге жарату жергілікті әкімшілік қабылдаған нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылады. Кәдеге жаратудың негізгі кезеңдері:

- ашаны электр желісінен ажыратыңыз және желілік баусымын кесіңіз;
- жабдықтың корпусы, жабық есіктер, бүйір бөліктері тұрмыстық және өндірістік қалдықтар полигондарында жергілікті әкімшілік белгілеген ережелер мен талаптарға сәйкес көмуге болады;
- жану кезінде улы заттардың пайда болуына байланысты корпусстың, бүйір бөліктерінің жылу оқшаулауын жағуға қатаң тыйым салынады;
- компрессор, іске қосу қорғаныс релесі, сымдар, жылу алмастырғыштар, алюминий есік профильдері, желдеткіштер металды қайта өңдеу кәсіпорындарында қара және түсті металдар сынықтары ретінде кәдеге жаратылуы мүмкін;
- шыны құрылымды элементтер шыныны кәдеге жарату бойынша мамандандырылған кәсіпорында кәдеге жаратылады;
- жарықтандыру шамдары люминесцентті шамдарды кәдеге жарату бойынша мамандандырылған кәсіпорында кәдеге жаратылады;

Қызмет ету (пайдалану) мерзімі аяқталғаннан кейін тоңазытқыш аспапты дұрыс кәдеге жарату қоршаған ортаға және адам денсаулығына әлеуетті зиянды әсердің алдын алуға көмектеседі. Бұл тоңазытқыш аспап жанғыш материалдан жасалған компоненттерден тұрады және оларды әдеттегі тұрмыстық қоқыспен (қалдықтармен) кәдеге жарату мүмкін емес.

Ескі жабдықты кәдеге жарату туралы толық мәліметтерді алу үшін өзіңіздің қалаңыздың әкімшілігіне немесе кәдеге жаратумен айналысатын қызметпен хабарласыңыз.

Қаптама материалдар

Қаптама материалдарды кәдеге жарату кәдеге жарату жөніндегі жергілікті нормаларға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Қайтадан қолдану белгісі бар қаптама материалдар оларды қайтадан қолдануға арналған. Осы қаптама материалдарды оларды қайтадан қолдануды орындау үшін осындай қаптама материалдарды жинауға арналған контейнерге салыңыз.

Сауда белгісі	Hisense
Өнімнің түрі	Мұздатқыш ларь
Өндіруші	Gorenje gospodinjski aparati, d.o.o. (Gorenje, d.o.o.) - Partizanska Cesta 12, 3320 Velenje, Slovenia
Импорттаушы	«Горенье БТ» ЖШҚ, РФ, 119180, Мәскеу қ., Якиманская жағалауы, 4-үй, 1-құр.
Қызмет ету мерзімі	7 жыл
Кепілдік мерзімі	1 жыл Кепілдік талоны тиісті түрде толтырылуы тиіс және Уәкілетті клиенттерге қызмет көрсету сервистік орталығына жүгінген кезде ұсыну үшін сақталуы тиіс.
Шығарылған күні	Паспорттық тақташада және қаптамада жжжж.аа.кк пішімінде көрсетілген.
Сервистік қызмет көрсету	Қазақстан Республикасының аумағында Hisense тұрмыстық техникаға қызмет көрсетумен уәкілетті сервистік орталықтар айналысады. Сервистік орталықтардың тізімін http://kz.hisense.com сайтынан және 8 800 200 09 99 телефон нөмірі (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін) бойынша ақпарат орталығынан сұрау арқылы табуға болады.



Қытайда жасалған

Техникалық сипаттамалары

	FC125D4BW1	FC184D4BW1	FC258D4BW1	FC-40DD4SA	FC-53DD4SA	FC-66DD4SA
Номиналды кернеу / жиілік, В/Гц	220-240/ 50					
Номиналды тоқ, А	0.8	0.8	0.8	0.65	0.8	1.4
Салқындатқыш агент және оның салмағы, гр	R600a (40 гр)	R600a (46 гр)	R600a (52 гр)	R600(65гр)	R600(87гр)	R600(115гр)
Оқшаулау	Циклопентан					
Таза салмағы, кг	22	26	30	42.2	55	64
Ені/Тереңдігі/Биіктігі	546*479*854	625*559*854	803*559*854	1125*725*818	1415*725*818	1705*725*830
Жалпы брутто көлемі, л	96	142	198	306	420	510
Пайдалы көлемі, л	95	142	198	306	420	510
Климаттық класс	SN,N,ST,T			N	SN,N,ST,T	N,ST
Тәулігіне мұздату қабілеті, кг/тәул.	9.5	13	15	17	26	26
Шудың максималды деңгейі,дБ	40	40	40	42	42	52
Электр қуатында іркіліс кезінде мұздату қабілетін сақтаудың максималды уақыты, сағ	24	37	38	24	24	24

Өндіруші осы нұсқаулықтағы басып шығару барысында пайда болған қателіктер үшін жауапкершілік алмайды. Өндіруші негізгі сипаттамаларын сақтай отырып, өз өнімдеріне пайдалы деп санайтын өзгерістер енгізуге құқылы.

Нұсқаулықта берілген жиынтығына, техникалық сипаттамаларына, функцияларға, түстер үйлесіміне және т.б. қатысты барлық ақпарат ақпараттық сипатта және ешқандай жағдайда ашық оферта болып табылмайды. Өндіруші сатып алу шарттары мен талаптарын белгілемейді, олар тауарлар сатылатын елдің аймақтық және / немесе ұлттық заңнамасына сәйкес келуі керек.

Hisense